

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ  
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

19.04.2023 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, АК мүшесі, академиялық персонал – У.Раметова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі –М. Жанзакова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева

**Күн тәртібі:**

1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.
2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсыныс әзірлеу.
4. БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
5. Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы С.Бейсембаева:** Бүгінгі күн тәртібінде БББ-ларды іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау және Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.**

**АК төрағасы С.Бейсембаева:**

БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 2023 жылы 11-15 сәуір аралығында өткен академиялық тексеру комиссиясының ұсынымдарын ескеру керек сияқты. Бұл мәселе бойынша келесі ұсынымдар берілген:

1. Университеттің студенттерге ұсынып отырған кітапханалар, зертханалар, компьютерлер сияқты ресурстар сан жағынан жеткілікті болып көрінгенімен, сапасы жағынан заман талабына сай емес, заманауи технологияны толық көрсете алмайтын сияқты.

2. Онлайн-ақпараттық ресурстар мен студенттерге қолжетімді мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі де бар. Сол сияқты қашықтықтан білім беру қызметтері мен осы қызметтерге қолжетімділікте де кемшіліктер бар.

3. Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу мүмкіндіктерін қарастыру қажет; Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу ғимараттары мен аудиторияларға кіру, сабақтарға қатысу, материалдарды пайдалану, практикаға қатысуға қатысты физикалық өзгерістер мен қызметтерді жүзеге асыру қажет.

4. Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі.

5. Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ.

6. Бүкіл университеттегі зертханалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Соңғы жылы жаңадан ашылып, жаңартылған (биохимия, жалпы биология, анатомия сияқты)

зертханалар болғанымен, әсіресе инженерлік және негізгі ғылымдар зертханаларының жедел түрде жаңартылуы қажет.

**АК мүшесі, ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай:**

Әрине, БББ сапалы іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктері жетілдіруді қажет етеді. Ол үлкен қаржыны талап етеді. Алайда, кейбір ұсыныстары кафедра деңгейінде шешімін таба алады. Мысалы, «Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі», «Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі-сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ» деген ұсынымдары.

**2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.**

**АК мүшесі, PhD М.Е.Сейтова:**

БББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілді. Жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға тапсырма берілді.

**3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсыныс әзірлеу.**

**АК төрағасы С.Бейсембаева:** 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті БББ-сы бойынша ғылыми дәрежелік 47% құрайды, 6B01719 – Шетел тілі: екі шет тілі(ағылшын-түрік тілі) – 36,5% құрайды, 6B01718 – Шетел тілі: екі шет тілі(ағылшын-қытай тілі) – 36,5% құрайды. Сол себептен, міндетті түрде қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс жариялау қажет. Осы үш БББ –лары бойынша ұсыныстар әзірленіп, Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберуді ұсынамын.

**АК мүшесі, PhD М.Е.Сейтова:**

2023-2024 оқу жылында ғылыми дәрежелік бағыт бойынша емес, әр БББ-сы бойынша есептелуіне байланысты осы мәселеге ерекше назар аударуымыз керек. Міндетті түрде ғылыми дәрежесі бар оқытушыларды тартуымыз керек. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсты тек университет сайтына ғана емес, БАҚ-на да жариялау қажет.

**4. БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.**

**АК төрағасы С.Бейсембаева:**

2022-2023 оқу жылында 6B01717 - Орыс тілі мен әдебиеті, 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша 67 дана оқу құралдары тапсырыс беріліп, алынды. Дегенмен, оқу-әдістемелік құралдар әлі жетіспейді. Жетіспеген оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалуда.

**5. Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.**


**АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан:**

Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі АК жоспарына сай орындалды және қанағаттанарлық деп есептеуге болады.


**Шешім:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ОПҚ-ның жетекшілік қызметін арттыру жұмыстарын қолға алу.
2. БББ шеңберінде пәндер бойынша біліктілігі жетіспейтін оқытушыларға біліктілік арттыру жоспары әзірленсін.
3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсынысы әзірленіп Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілсін.
4. БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар алуға тапсырыс дайындалсын.
5. Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелінсін

Мәжіліс төрағасы:

 С. Бейсембаева

Хатшысы:

 У. Раметова